

## **Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 2 тамыздағы № 289 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 8 тамызда № 33250 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 300-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. "Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 346 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11256 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрі

E. Карапукеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

# "КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрі  
2023 жылғы 2 тамыздағы  
№ 289 бұйрығымен  
бекітілген

## Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық

### 1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 300-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және буленген жерлерді қалпына келтіру жобаларын әзірлеу тәртібін нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) әзірлеуші – жобалау және іздестіру жұмыстарымен айналысатын, сондай-ақ жерге орналастыру жобаларын орындауды жүзеге асыратын жеке немесе занды тұлға;

2) бұлінген жерлер – адамның өндірістік қызметі нәтижесінде бастапқы ландшафтың және өзге құндылығын жоғалтқан немесе топырақ жамылғысының, гидрологиялық режимінің және жер рельефинің бұлінуіне байланысты қоршаған ортаға теріс әсер ету көзі болып табылатын жерлер;

3) жерлерді қалпына келтіру – белгілі бір мақсатта пайдалану үшін бұлінген жерлерді, оның ішінде бұлінген жерлердің көрінісінде өз құндылығын толық немесе ішінара жоғалтқан іргелес жатқан жер участкерін қалпына келтіруге, сондай-ақ қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған жұмыстар кешені;

4) жерлердің бұлінуі – топырақ жамылғысының, жергілікті жер рельефинің гидрологиялық режимінің бұлінуіне және жер жағдайының басқа да теріс өзгерістеріне әкеліп соқтыратын пайдалы қазбаларды, оның ішінде мұнай және мұнай өнімдерін өндіру, геологиялық-барлау, іздестіру құрылыш жұмыстары кезінде болатын процесс;

5) мелиоративті кезең – қалпына келтірілетін жерлердің сапасын жақсарту және олардың құнарлылығын қалпына келтіру жүргізілетін уақыт интервалы;

6) топырақтың әлеуетті-құнарлы қабаты – өсімдіктердің өсуіне қолайлы физикалық, химиялық және агротехникалық қасиеті бар топырақ кескінінің бөлігі;

7) топырақтың құнарлы қабаты – өсімдіктердің өсуіне қолайлы физикалық, химиялық және агротехникалық қасиеті бар топырақ кескінінің қара шіріктелген бөлігі.

### 2-бөлім. Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобаларын әзірлеу тәртібі

3. Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобаларын әзірлеу әзірлеушімен жасалатын шарт негізінде мүдделі жер участекері иелерінің немесе жер пайдаланушылардың (бұдан әрі – тапсырыс берушілер) өтінішхаты бойынша жүзеге асырылады.

4. Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобаларын әзірлеу кезінде мыналар ескеріледі:

1) ауданның табиғи жағдайлары (климаты, топырақ-өсімдік жамылғысы, геологиялық және гидрологиялық жағдайлары);

2) ауданды дамыту перспективалары;

3) жерлерді қалпына келтіру уақытында бұлінген (бұлінетін) жерлердің нақты немесе болжанатын жай-күйі (аландары, жергілікті жер бедерінің нысандары, шөптің табиғи өсу дәрежесі, топырақтың құнарлы және әлеуетті құнарлы қабаттарының болуы, су астында қалуы, эрозиялық процестер, ластану деңгейі);

4) аршынды және жанаасқан тау жыныстарының және олардың үйінділердегі қоспалардың химиялық және гранулометриялық құрамының, агрохимиялық және агрофизикалық қасиеттерінің, инженерлік-геологиялық сипаттамаларының көрсеткіштері;

5) бұлінген жерлер орналасқан аудандардың шаруашылық-экономикалық және санитариялық-эпидемиологиялық жай-күйлері;

6) коршаған органды қорғау жөніндегі талаптар.

5. Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобаларын әзірлеу:

1) пайдаланылуы жерлердің бұлінуіне әкеліп соғатын жер участекесін беру кезінде облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімі жер участекесін беру туралы шешім қабылдаған кезден бастап бір жыл ішінде;

2) нәтижесінде пайдаланылуы жерлердің бұзылуына әкеп соғатын жер участекесінің нысаналы мақсаты өзгерген кезде облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы, аудандық маңызы бар қала, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі жер участекесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы шешім қабылдаған кезден бастап бір жыл ішінде;

3) бұлдірген тұлғалар туралы мәліметтер жоқ, бұрын бұлінген жерлерде облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің шешімі қабылданған кезден бастап бір жыл ішінде жүргізіледі.

6. Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобаларын әзірлеу рәсімі мынадай реттілікпен жүзеге асырылады:

1) дайындық жұмыстары (далалық жұмыстар);

- 2) зерттеп-қарау жүргізу;
- 3) бұлғынген жерлерді қалпына келтіру жобасын және схемаларын әзірлеу (камералдық жұмыстар);
- 4) бұлғынген жерлерді қалпына келтіру жобасын келісу және беру.

### **1-параграф. Дайындық жұмыстары (далалық жұмыстар)**

7. Дайындық жұмыстары кезеңінде қалпына келтірілуі тиіс жер участекеріне далалық зерттеп-қараулар жүргізу үшін жоспарлы-картографиялық материалдарды, топырақтық және топырақтық-мелиоративтік іздестірулер, түгендеу материалдарын іріктеуді құрайтын жұмыстар жүргізіледі.

8. Қалпына келтірілуі тиіс жер участекерін далалық зерттеп-қарауды жобаны әзірлеуші тапсырыс берушінің және жер участекесінің орналасқан жері бойынша жер қатынастары жөніндегі үәкілетті орган өкілінің қатысуымен жүргізеді.

9. Қалпына келтірілуі тиіс жер участекерін далалық зерттеп-қарау процесінде мыналар жүргізіледі:

1) обьектінің орналасқан жерін, бұлғынген жерлердің нақты шекараларын анықтау, қалпына келтірілетін участекерді перспективада пайдалану мүмкіндігін белгілеу;

2) бұлғынген жерлерді қалпына келтіру үшін үйінділердегі топырақтың құнарлы және әлеуетті-құнарлы қабатының бар-жоғын анықтау;

3) үйінділердегі топырақтың құнарлы және әлеуетті-құнарлы қабаттарының сапасын, олардың минералогиялық және механикалық құрамын, жыныстардағы улы тұздардың бар-жоғын және химиялық мелиорацияның қажеттілігін алдын ала айқындау және табиғи өсу жағдайын нақтылау;

4) топографиялық, топырақтық-мелиоративтік, аграрлық орманды мелиоративтік, геологиялық және гидрогеологиялық іздестірулерді жүргізуін қажетті көлемдерін айқындау.

Ластанған жерлерде қосымша ластану себебі мен көзі, топырақ ластануының қауіптілік дәрежесі айқындалады.

10. Қалпына келтірілуі тиіс жер участекерін далалық зерттеп-қарау нәтижелері бойынша технологиялық және инженерлік шешімдердің негізdemесі бар түсіндірме жазба жасалады.

11. Қалпына келтірілуі тиіс жер участекерін далалық зерттеп-қарау нәтижелері далалық зерттеп-қарау сызбасы дайындала отырып осы Нұсқаулыққа 1-қосымшага сәйкес нысан бойынша қалпына келтірілуі тиіс бұлғынген (булғыні тиіс) жерлерді зерттеп-қарау актісімен ресімделеді.

12. Жерлерді қалпына келтіру мынадай екі кезеңде дәйекті түрде жүзеге асырылады : техникалық және биологиялық.

Бірінші кезеңде антропогендік қызметтің салдарларын жою үшін бұлғынген жерлерді дайындау, бұлғынген жерлерді кейіннен игеру және биологиялық қалпына келтіру

міндеттерін шешу үшін қолайлы топырақтық, ландшафттық, гидрологиялық, жоспарлау жағдайларын жасау жүргізіледі.

Екінші кезеңде топырақтың құнарлы қабатын қалпына келтіру, көгалдандыру, мелиорациялық жұмыстар, топырақтың агрофизикалық, агрохимиялық, биохимиялық және басқа да қасиеттерін жақсартуға бағытталған топырақты биологиялық тазарту жүзеге асырылады.

Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын әзірлеуге арналған тапсырма осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

## **2-параграф. Зерттең-қарау жүргізу**

13. Жергілікті жерде зерттең-қарау жүргізу кезінде:

топографиялық;

топырақтық-мелиоративтік;

аграрлық орманды мелиоративтік;

геологиялық және гидрогеологиялық іздестірулер жүргізіледі.

14. Бұлінген жерлерді қалпын келтіру схемалары мен жобаларын әзірлеу жергілікті жер бедері бейнеленген жоспарлы-картографиялық материалдар, зерттелетін жерлердің жай-күйін бағалау деректері, топырақтық-мелиоративтік, аграрлық орманды мелиоративтік, геологиялық және гидрогеологиялық іздестірулер негізінде жүзеге асырылады.

Топографиялық іздестірулер 1:500; 1:1000, 1:2000, 1:3000, 1:4000, 1:5000 масштабтарында бұлінген жерлерді қалпына келтіру шараларын графикалық түрде көрсету үшін орындалады.

15. Топырақтық-мелиоративтік іздестіру материалдары:

1) бұлінгенге жататын жерлерде топырақтың құнарлы және әлеуетті-құнарлы қабаттарының жай-күйінің толық сипаттамасын алу, сондай-ақ қуаттылығын белгілеу және оларды алу тәртібін белгілеу, қоймаға қою шарттарын және кейіннен пайдаланылуын айқындауды;

2) бұлінген жерлерде техникалық немесе биологиялық қалпына келтіру жобаларын жасау үшін сол жерлердегі топырақтар мен қоспалардың белгілері мен қасиеттерін белгілеуді;

3) өнімділігі аз алқаптарға қосымша құнарлы қабат (жерді игеру) салу жолымен осы алқаптардың өнімділігін арттыру бойынша жобалық шешімдер әзірлеу үшін қажетті сол алқаптардағы топырақтың белгілері мен қасиеттері туралы деректер алуды қамтамасыз етеді.

Мұнаймен ластануға ұшыраған жерлерді зерттең-қарау кезінде мұнай өнімдері көп жерлердің контурлары белгіленеді, ластанудың бойлау тереңдігі айқындалады, топырақ

құрамындағы мұнай өнімдері деңгейін анықтау үшін сынамалар таңдалады. Топырақ мұнай өнімдерімен ластанған кезде ластағыштар таралған шекараның түбіне дейін сынамалар алынады.

Ластағыш заттарды айқындау әдістері МЕМСТ 17.4.3.03 "Табиғатты қорғау. Топырақтар. Ластанған заттарды анықтау әдістеріне қойылатын жалпы талаптар" мемлекетаралық стандартына сәйкес жүзеге асырылады;

4) топырақтық-мелиоративтік іздестіру бойынша МЕМСТ 17.5.1.03 "Табиғатты қорғау. Жерлер. Жерлерді биологиялық қалпына келтіру үшін аршынды және жанасқан жыныстардың класификациясы" және МЕМСТ 17.5.3.06 "Табиғатты қорғау. Жер жұмыстары өндірісінде топырақтың құнарлы қабатын сыйыртып алу нормаларын айқындауға қойылатын талаптар" мемлекетаралық стандарттарына сәйкес бүлінген жерлердің топырақтық-мелиоративтік карталары, ал қажет болған жағдайда жерлердің бүліну, жыныстардың улылығы, тұздануы, сортандануы, мұнай өнімдерінің болуы, ауыр металдардың болуы, топырақтың құнарлы қабатын алып тастау, аршынды және жанасқан жыныстарды пайдалану дәрежесі бойынша топырақтық-мелиоративтік картограммалар жасалады;

5) топырақтық-мелиоративтік іздестіру материалдарына түсіндірме жазба зерттең-қарау обьектісінің топырақ қабатының сапасы туралы қорытындыны, минералды тыңайтқыштарды енгізу бойыша ұсынымдарды және мелиоративті кезенде егу үшін жарамды шөптер мен шөп қоспаларының, ағашты-бұталы жыныстардың тізбелерін қамтиды.

Өнімділігі төмен алқаптарда өнімділікті арттыру үшін көзделген топыраққа қосымша құнарлы қабат қосу арқылы осы алқаптардың өнімділігін арттыру үшін қажетті топырақтың белгілері мен қасиеттері туралы деректер алу мақсатында топырақ іздестірулер жүргізіледі.

16. Аграрлық орманды мелиоративтік іздестірулер қалпына келтірілетін аландарда әртүрлі мақсатта ағаш отырғызу мүмкіндігін белгілеу үшін жүргізіледі.

17. Геологиялық және гидрогеологиялық іздестірулер топырақтық-мелиоративтік іздестірулермен бір кешенде төсөніш жыныстардың, жер асты суының режимінің сипаттамасын алу мақсатында жүргізіледі.

Топырақтың химиялық, физикалық-химиялық және физикалық қасиеттерін анықтау үшін генетикалық қабаттардан үлгілерді алу, ал олардың минералдануын анықтау үшін жер асты суларының сынамаларын алу жүргізіледі.

**3-параграф. Бүлінген жерлерді қалпына келтіру схемалары мен жобасын әзірлеу (камералдық жұмыстар)**

18. Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасы бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын әзірлеуге арналған тапсырма, қалпына келтірілуі тиіс бүлінген (бүлінуі тиіс) жерлерді зерттең-қарау актісі және іздестіру материалдары негізінде әзірленеді.

19. Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобасының кұрамына:

1) қалпына келтіру бағытына қарай бұлінген жерлерді қалпына келтіру жөніндегі жұмыстардың технологиясын әзірлеу;

2) бұлінген жерлерді қалпына келтірудің техникалық және биологиялық кезеңдерін жүргізу үшін жұмыстардың көлемдерін, арнайы техника мен қажетті материалдардың қажеттілігін айқындау;

3) жұмыс өндірістерін ұйымдастыру (қалпына келтірудің күнтізбелік графигі);

4) сметалық құжаттама жасау;

5) жұмыс өндірісі бойынша жұмыс сызбаларын әзірлеу кіреді.

20. Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобасының жай-күйі бойынша камералдық жұмыстар екі бөліктен қалыптастырылады: мәтіндік және графикалық.

Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобасының мәтіндік бөлігі мыналарды қамтиды

:

1) басты бет;

2) құжаттар тізімдемесі (жобаның мазмұны);

3) технологиялық және инженерлік шешімдер негіздемелері бар түсіндірме жазба;

4) қалпына келтірілуі тиіс бұлінген (бұлінуі тисі) жерлерді зерттеп-қарастыру актісі;

5) бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын әзірлеуге арналған тапсырма;

6) іздестіру материалдары;

7) техникалық-экономикалық көрсеткіштер;

8) жобалау бөлігі;

9) сметалық бөлік.

Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобасының графикалық бөлігі сызбалардан (жер участкесінің схемасы, топографиялық карта, топырақ карта, топырақтың құнарлы қабатын және (немесе) топырақтың әлеуетті құнарлы қабатын сыйдырып алу картограммасы) тұрады.

#### **4-параграф. Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын келісу және беру**

21. Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобасы "Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандығы № 301 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21366 болып тіркелген) бекітілген "Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын келісу және беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына сәйкес келісіледі және тапсырыс беруші бекітеді.

Қоршаған ортаға әсерді бағалауды айқындау мақсатында бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобасы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 9 тамыздағы № 317 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23918

болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу қагидаларына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптамаға жіберіледі. Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобасы мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде келісіледі.

22. Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын өзірлеуші екі данада дайындаиды, тігеді және нөмірлейді. Бекітілген бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобасының бір данасы өзірлеушіде, екіншісі тапсырыс берушіде сақталады.

Бұлінген жерлерді қалпына  
келтіру жобаларын өзірлеу  
жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша

Нысан

**Қалпына келтірілуі тиіс бұлінген (бұлінуі тиіс)**

**жерлерді зерттеп-қарау**  
**актісі**

жылғы " \_\_\_\_ "

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы)

(кен орындарын өндейтін, құрылыш жұмыстарын жүргізетін ұйымның атауы)  
бұлінген немесе бұлінуі тиіс жер участкесіне зерттеп-қарау жүргізді.

Зерттеп қарау нәтижесінде мыналар белгіленді:

1. Аланы \_\_\_\_\_ бұлінген жерлер участкесі \_\_\_\_\_

(учаскениң орналасуы көрсетіледі) орналасқан.

2. Бұлінген жер участкелеріне іргелес жатқан жерлер

(жерлердің нақты пайдаланылуы, сондай-ақ сыйбаларға, жобаларға және

басқа материалдарға сәйкес перспективті пайдаланылу мүмкіндігі  
көрсетіледі) пайдаланады.

3. Бұлінген жерлердің сипаттауы \_\_\_\_\_

(бұліну түрі, алаңның сипаттамалары)

4. Меншік иесінің немесе жер пайдалануышының ұсынымдары:

(меншік иесінің немесе жер пайдалануышының ұсынымдары негіздемелері

мен себептері баяндай отырылып көрсетіледі)

Жер участекелерін зерттеп-қарау нәтижесінде жобада мыналарды қарастыру үсынылды:

1. Қалпына келтіру бағыттары: \_\_\_\_\_

(алқап түрі немесе жерлерді шаруашылықта пайдаланудың өзге де бағыттары)

2. Қалпына келтірудің техникалық кезеңіндегі жұмыс түрлері:

3. Қалпына келтіру үшін мына участекелердегі әлеуетті-құнарлы жыныстар мен топырақтың құнарлы қабатын пайдалану:

4. Қалпына келтірудің биологиялық кезеңін жүргізуіндегі қажеттілігі:

Колдағы бар \_\_\_\_\_ масштабтағы бұлінген жерлердің топографиялық жоспарын, сондай-ақ \_\_\_\_\_ масштабтағы қолда бар

топырақтың зерттеп-қарау материалдары пайдаланылсын.

Колда бар материалдар \_\_\_\_\_ масштабтағы топографиялық іздестіру материалдарымен, \_\_\_\_\_, масштабтағы топырақтық-мелиоративтік іздестірулермен, \_\_\_\_\_ басқа іздестірулермен толықтырылсын.

Қосымшалар:

Бұлінген жерлердің сипаттамасы (контурлар бойынша ведомость);

Жер пайдалану жоспарынан схема;

Бұлінген жерлердің схемасы.

Жер участекесінің орналасқан жері бойынша ауданның (қаланың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган өкілдерінің, тапсырыс берушінің және басқа да мамандардың

қолдары:

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_

Ескерту: қажет болған кезде шешілетін мәселелердің мазмұны актіде толықтырылуы мүмкін.

Нысан

"Келісілді"

Жобаны әзірлеуші

(толық атауы,

аты, әкесінің аты

(бар болса), тегі)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_

Қолы

Мөр (бар болса)

"Бекітемін"

Тапсырыс беруші

(толық атауы,

аты, әкесінің аты

(бар болса), тегі)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_

Қолы

Мөр (бар болса)

### **Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын әзірлеуге арналған тапсырма**

P/c №	Тізбе	Көрсеткіштер
1	2	3
1	жобалау үшін негіздер (қалпына келтірілуі тиіс бұлінген (бұлінуі тиіс) жерлерді зерттеп-қарастыру актісі )	
2	жобаны әзірлеуші	
3	жобалау сатылығы	
	техникалық кезең	
	биологиялық кезең	
4	объектінің – участкениң атауы	
5	объектінің – участкениң орналасқан жері (әкімшілік аудан)	
6	қалпына келтірілетін объектінің сипаттамасы:  жалпы алаңы, гектар  оның ішінде мыналарға пайдалану болжанады (алдын ала)  егістік  шабындық  жайылым  көп жылдық екпелер  орман жолақтарын коса алғанда орман екпелері,  шалғындандыру  өндірістік және өндірістік емес күрьшлис	

7	катпарланып үйілген қорлардың болуы (немесе құнтарлы қабаттан алынатын көлемі) мың текше метр	
8	топырақтың қатпарланып үйілген немесе алынатын әлеуетті-құнтарлы қабатының болуы мың текше метр	
9	уақытша үйінділер үшін бөлінетін жерлердің алаңы, гектар	
	техникалық проблемалар:	
	жыныстардың тұздануы және қайталама уыттылық дәрежесі	
	ластану деңгейі	
	ластанудың бойлау тереңдігі	
10	объектінің сулану дәрежесі және құрғату (дренаж) қажеттілігі	
	су және жел эрозиясының және басқа геодинамикалық процестердің даму дәрежесі	
	тас басу дәрежесі	
	ағашты және бұталы өсімдіктердің қаптап өсу дәрежесі	
11	қажетті іздестірулердің түрлері мен көлемдері	
12	жұмыстардың: қалпына келтірудің техникалық кезеңі, қалпына келтірудің биологиялық кезеңі басталуының және аяқталуының алдын ала мерзімдері	
13	қалпына келтіру жобасын әзірлеуді аяқтау мерзімі	
14	ерекше жағдайлар	